

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12
қазандағы № 564 бұйрығы**

**Олимпиадалық резервтің республикалық, облыстық, республикалық маңызы
бар қалалардың және астананың мамандандырылған мектеп-интернат-
колледждерін, сондай-ақ спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық,
республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мектеп-
интернаттарын қоспағанда, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің
жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру
ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы**
(27.03.2026 ж. жағдай бойынша өзгерістермен)

*Тақырып ҚР Оқу-ағарту министрінің 29.08.25 ж. № 196 бұйрығының редакциясында
жазылды (2025 жылғы 15 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (ескі редакцияны
қараңыз)*

*Кіріспе ҚР Білім және ғылым министрінің 24.06.20 ж. № 264 бұйрығының
редакциясында жазылды (ескі редакцияны қараңыз); ҚР Оқу-ағарту министрінің
07.08.23 ж. № 248 бұйрығының редакциясында жазылды (2023 жылғы 28 тамыздан
бастап қолданысқа енгізілді) (ескі редакцияны қараңыз); ҚР Оқу-ағарту министрінің
31.03.25 ж. № 55 бұйрығының редакциясында жазылды (2025 жылғы 14 сәуірден
бастап қолданысқа енгізілді) (ескі редакцияны қараңыз)*

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 5-бабының 63) тармақшасына
сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

*1-тармақ ҚР Оқу-ағарту министрінің 29.08.25 ж. № 196 бұйрығының редакциясында
жазылды (2025 жылғы 15 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (ескі редакцияны
қараңыз)*

1. Қоса беріліп отырған Олимпиадалық резервтің республикалық, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мамандандырылған мектеп-интернат-колледждерін, сондай-ақ спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мектеп-интернаттарын қоспағанда, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Мектепке дейінгі және орта білім департаменті (Каринова Ш.Т.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін шаруашылық жүргізу құқығындағы «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы

тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Суханбердиева Э.А.-ға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі	Е. Сагадиев
--	-------------

Үлгілік қағидалар ҚР Оқу-ағарту министрінің 29.08.25 ж. № 196 бұйрығының редакциясында жазылды (2025 жылғы 15 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (ескі редакцияны қараңыз)

«Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау» мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші)
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	1) «Электрондық үкіметтің» www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал); 2) көрсетілетін қызметті беруші.
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	Электрондық түрде – 1 (бір) жұмыс күні Қағаз түрінде – 3 (үш) жұмыс күні
4	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған) / қағаз түрінде
5	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	– портал арқылы: көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» білім алушының бір білім беру ұйымынан екіншісіне ауыстырылғаны туралы тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туған күні, сыныбы, оқыту тілі және мектебі (телефоны, пошталық мекенжайы, электрондық мекенжайы (ресми интернет-ресурсы)) көрсетілген, көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қол қойылған хабарлама, ал мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартылған жағдайда осы Үлгілік қағидалардың 13-тармағының 7) тармақшасында көрсетілген бас тарту себептері жазылған дәлелді бас тарту туралы хабарлама келеді; – қағаз жеткізгіште: көрсетілетін қызметті беруші білім алушы кететін білім беру ұйымына ұсыну үшін қабылдау туралы есептен шығару талонын береді немесе Үлгілік қағидалардың 13-тармағында көзделген дәлелді бас тарту негіздері болған кезде Үлгілік қағидалардың 2-қосымшасында белгіленген нысан бойынша өтініштерді және (немесе) құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

		Қабылдау туралы есептен шығару талоны 3 (үш) жұмыс күні ішінде жарамды. Білім алушы кететін көрсетілетін қызметті беруші қабылдау туралы есептен шығару талонының негізінде көрсетілетін қызметті алушыға кеткені туралы есептен шығару талонын және білім алушының жеке ісін береді. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттарды (жеке істі) білім алушы келетін көрсетілетін қызметті берушіге ұсынады. Көрсетілетін қызметті берушілер білім алушыны орта білім беру ұйымына қабылдау/одан шығару туралы бұйрықтар шығарады және салыстырып тексеру жүргізеді.
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Тегін
7	Жұмыс кестесі	1. көрсетілетін қызметті берушінің – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден жұмаға дейін белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін. 2. порталдың – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде Кодекске сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады). Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары: 1) интернет-ресурста; 2) www.egov.kz порталында орналастырылған.
8	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың белгіленген тізбесі	– портал арқылы: 1. Үлгілік қағидалардың 2-қосымшасының нысанына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының өтініші; – көрсетілетін қызметті берушіге (қағаз түрінде): 1. Үлгілік қағидалардың 2-қосымшасының нысанына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының өтініші; 2. № 263 бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес қабылдау туралы есептен шығару талоны (Қазақстан Республикасынан тыс жерге кететінін растайтын құжатты ұсынатын білім алушыларды қоспағанда); 3. білім алушының жеке ісі.
9	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту негіздері	1. көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттарының және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігінің анықталуы;

		2. көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі; 3. мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін келісу туралы сұрау салуға уәкілетті мемлекеттік органның теріс жауабы, сондай-ақ сараптаманың, зерттеудің не тексерудің теріс қорытындысы; 4. көрсетілетін қызметті алушыға қатысты белгілі бір мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін қызметке немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімінің (үкімінің) болуы; 5. көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға байланысты арнаулы құқығынан айырылғаны туралы заңды күшіне енген сот шешімінің болуы; 6. көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, Қазақстан Республикасының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімінің болмауы; 7. сынып-жинақтардың шамадан тыс толуы.
10	Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар	Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтан қол жеткізу режимінде порталдағы «жеке кабинеті», көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтері, сондай-ақ «1414», 8-800-080-7777 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.

Нысан
«Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта
білім беру ұйымдары арасында балаларды
ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау»
мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын
негізгі талаптардың
тізбесіне

Директорға

Білім беру ұйымының атауы,
директордың тегі, аты, әкесінің аты
(бар болса)

кімнен _____
көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты,

әкесінің аты (бар болса)
Телефоны: _____

Өтініш

Менің

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

_____ сыныпта білім алатын баламды

_____ (білім беру ұйымының толық атауы)

_____ (тіркелген мекенжайы, қала, ауыл, аудан, облыс)

мына білім беру ұйымына оқуға ауыстыруды сұраймын:

_____ (білім беру ұйымының толық атауы)

_____ (қолы)

20 ____ жылғы « ____ » _____

Нысан

«Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта
білім беру ұйымдары арасында балаларды
ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау»
мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын
негізгі талаптардың
тізбесіне

Өтініштерді және (немесе) құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат

Осы қолхатпен

_____ көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

ЖСН: _____

мынадай құжаттарды ұсынғаны расталады: _____

Жүгінген күні: 20 ____ жылғы « ____ » _____

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңының 19-1-бабының 2-тармағына сәйкес және/немесе Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларының 2-қосымшасына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23890 болып тіркелген)

_____ (бас тарту себебі жазылсын).

Осы қолхат әр тарап үшін бір-бірден 2 данада жасалды.

_____ Көрсетілетін қызметті беруші өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса):

Лауазымы: _____

Қолы: _____

Күні: 20 ____ жылғы « ____ » _____

Көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (таныстым):

Қолы: _____

Күні: 20 ____ жылғы « ____ » _____